

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы" РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

05 желтоқсан 2024 ж.

күні

Алматы қ.

№ Д-13-24

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор



Г. Әбдірахман

«05» желтоқсан 2024 ж.

«Ішекті аспаптарда орындаушыны оқыту процесінде
қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану»
педагогтардың біліктілігін арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрастырушылар:			
«Ішекті аспаптар» кафедрасы		Доцент Сагимбаев Н.Е., Аға оқытушы Халилова К.М.	<u>05.12.2024 ж.</u>
Келісілді:			
«Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі		Халилова К.М.	<u>05.12.2024 ж.</u>
БЖЖҚББ бөлімінің бастығы		Баймуканова А.Н.	<u>05.12.2024 ж.</u>
Қызметі	Қолы	ТАӘ	Күні

**«Ішекті аспаптарда орындаушыны оқыту үдерісінде
заманауи педагогикалық технологияларды қолдану»
педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

Педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған «Ішекті аспаптарда орындаушыны оқыту үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану» курсының білім беру бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) «ішекті аспаптар» мамандығы бойынша педагогтардың біліктілік деңгейін арттыруға бағытталған. Бұл бағдарлама қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдарында (музыкалық мектептер мен колледждерде, мамандандырылған музыкалық мектептерде) (әрі қарай - Тындаушылар) оқыту үшін дайындалған.

Бағдарлама келесі құжаттардың:

- 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ әлеуметтік кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
- 05.08.2021 ж. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Жарғысы;
- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелері, ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы.

Заманауи педагогикалық технологияларды ішекті аспапта орындаушыларды оқыту үдерісінде қолдану кәсіби дағдыларды дамытуға, шығармашылық әлеуетті

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	2-БЕТ

жетілдіруге және жеке орындаушылық стильді қалыптастыруға бағытталған. Заманауи технологиялар талдау жасаудың және ішекті аспаптарда орындаушы-музыканттарды оқытудың жаңа мүмкіндіктерін көрсетеді, сондай-ақ білім беру үдерісін музыкалық тәжірибенің өзекті талаптарына сай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының өзектілігі музыканттардың кәсіби ортасындағы өзгерістермен және оқу әдістерін заманауи талаптарға бейімдеу қажеттілігімен байланысты. Қазіргі таңда музыканттардың еңбек нарығы тек жоғары орындаушылық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты, икемділікті, заманауи технологиялармен жұмыс істеу мүмкіндігін және әрдайым өзін-өзі дамытуға ұмтылуды талап етеді.

Заманауи педагогикалық технологиялар скрипкада ойнауды үйретудің тиімділігін арттыруда маңызды орын алады. Жаңа технологиялар музыкантты жеке дайындау үдерісін түрлендіруге, репертуар таңдауға көмектеседі, дыбыс шығарудың жаңа техникаларын меңгеруге және интерпретацияны жетілдіруге ықпал етеді. Цифрлық платформаларды, мультимедиялық материалдарды, ырғақ пен интонацияны талдау бағдарламаларын қолдану оқытуды қызықты әрі қолжетімді етеді.

Курстың негізгі мақсаттарының бірі — тарихи-ақпараттық тәсілдемені заманауи технологиялармен біріктіру. Бұл музыкантқа цифрлық мұрағаттарды, ноталық редакторларды пайдалану, шеберлік сыныптарына қатысу арқылы әртүрлі дәуірлердің стилін меңгеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ сол кезеңнің орындаушылық дәстүрлерін түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, авторлық бағдарлама музыканттарды ерекше орындаушылық техникаларды қолдану және қазіргі заманғы композициялық қағидаларды түсінуді талап ететін XX-XXI ғасырлар шығармаларын орындауға дайындауды мақсат етеді. Жаңа технологиялар орындаушы-музыканттарға видео және аудио талдауларды пайдалана отырып орындалатын музыканы зерттеуге және онлайн форматта композиторлардан кеңес алуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, курстың мазмұны уақыт талаптарына сәйкес келеді, ішекті аспаптарда орындаушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға, музыкалық педагогиканың дәстүрлерін инновациялық тәсілдермен тиімді түрде үйлестіруге мүмкіндік береді.

Бағдарлама бойынша оқытудың ерекшелігі модульдік қағидамен байланысты. Әрбір модуль тыңдаушыларға тәжірибелік сабақтар, әдістемелік баяндамалар, ашық сабақтар арқылы оқу нәтижелерін нақты көрсетумен аяқталады. Бағдарлама аясында нақты білім беру өнімдерін жасау оқу нәтижелерін айқын көрсетуге, тәжірибе алмасуға және әріптестер арасында өзара түсіністікті жақсартуға ықпал етеді.

Жұмыстың негізгі бағыты — 80 сағат көлемінде қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыру.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	3-БЕТ

Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсына оқыту мен білім беруді келесі тараптар жүзеге асырады:

- Құрманғазы атындағы ҚҰК «ішекті аспаптар» кафедрасының профессор-оқытушы құрамы;
- Бағдарламаны дайындағандар (бағдарлама авторлары).

Кафедраның тәжірибелі оқытушылары бөлісетін білімдер тыңдаушылардың кәсіби педагогикалық және концерттік-орындаушылық дайындықтарының деңгейі мен сапасын арттыруға көмектеседі.

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада 1 кестеде келтірілген ұғымдар мен терминдер қолданылады

1 кесте

Бағдарламада қолданылатын ұғымдар мен терминдер	Ұғымдар мен терминдердің анықтамасы
Үрдіс	(бағыттаимын, ұмтыламын), өнерде автордың бейнеленген шындыққа деген идеологиялық-эмоциялық қатынасы, бейнелер жүйесі арқылы көрініс табатын мәселелер жиынтығы мен өзгешеліктерді түсіну және бағалау (жасырын немесе тікелей)
Қазіргі заманғы үрдіс	қазіргі заманғы үрдіс — музыкалық жанрлар арасындағы шекаралардың «жойылуы». Музыкатану саласында төрт негізгі музыкалық бағытты немесе топтарды бөліп қарастыру орын алған: халық музыкасы, діни музыка, академиялық музыка және танымал музыка
Музыкалық педагогика	оқушыларға музыка туралы толық, кешенді білім берумен, музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің неғұрлым тиімді тәсілдері мен жолдарын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін зерттеумен және әзірлеумен, сондай-ақ музыкалық өнердің әртүрлі салаларында шығармашылық қабілеттерді, тәжірибені және практикалық дағдыларды қалыптастырумен, дамытумен айналысатын педагогикалық ғылымның саласы (педагогикалық пән)

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	4-БЕТ

Музыкалық стиль	белгілі бір композитор-музыкантқа, орындаушыға немесе музыка өнеріндегі бағытқа, мектепке тән бейнелік жүйенің, мәнерліктің құралдары мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы
Музыкалық форма	музыкалық шығарманың құрылысы, бөліктердің логикалық тұрғыдан өзара байланысты орналасуы мен өзара әрекеттесуі, сондай-ақ олардың құрылымы
Шығарманың мазмұны	шығарманың негізін құрайтын идеялар мен қағидалар
Орындаушылық техника	орындаушының қажетті көркемдік, дыбыстық нәтижеге қол жеткізуіне көмектесетін дағдылардың, біліктер мен орындау тәсілдерінің жиынтығы
Көне репертуардың интерпретациясы	ерекше тәсілдеме, өйткені осы кезеңдер музыкасының стилі мен орындауы қазіргі заманғы тәжірибеден өзгеше. Көне музыканы интерпретациялаудың негізгі аспектілері мыналар: «Тарихи білім, сол дәуірдің аспаптары, артикуляция және фразировка, орнаментика, импровизация, динамика және агогика».
Барокко	XVI–XVII ғасырлардағы Еуропалық өнер мен сәулет стилі. Оған бөлшектерге көңіл бөлу, символика мен аллегориялар, орасан зор композициялар, асыра сілтеулер, сезімге берілу, сән-салтанат, мәнерлі және иілген сызықтар, декордың көптігі тән. XVI ғасырдағы оқиғалар Қайта өрлеу дәуірінің идеалдарын жойды.
Мелизмдердің мәнін түсіндіру	мелизмдер* — бұл негізгі әуенді безендіру үшін қолданылатын музыкалық әшекейлер немесе ноталардың қысқа тобы. Олар әсіресе барокко, ренессанс және классика дәуірінің музыкасына тән. Мелизмдердің мәнін түсіндіру — оларды интерпретациялау және орындау үдерісі деуге болады.
Репертуар	музыкалық шығармалардың белгілі бір орындаушы немесе шығармашылық ұжым концерттерде орындайтын жинағы (концерттік репертуар) немесе

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	5-БЕТ

	оқып білуге арналған жинағы (оқу-педагогикалық репертуар)
Орындаушылық	музыканттардың, әншілердің, орындаушылардың қызметі
Инновациялар	үдерістердің тиімділігін арттыруды және (немесе) нарықта сұранысқа ие өнімнің сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін қолданысқа енгізілген немесе енгізілетін жаңалық
Педагогикалық қағидалар	педагогикалық заңдылықтарға негізделген және педагогикалық міндеттерді шешу стратегиясын сипаттайтын нормативтік ереже
Ішекті аспапта орындаушының орындаушылық аппараты	аспапта дұрыс ойнауға қажетті қимылдар мен техникалардың жиынтығы. Ол дененің әртүрлі бөліктерінің жұмысын, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың, саусақтардың дұрыс қойылуын және аспаппен өзара әрекеттесуді қамтиды. Қолды, саусақтарды дұрыс қоюға назар аудару маңызды, өйткені ол жарақаттануды болдырмауға және қажетті дыбысты шығаруға көмектеседі.
Полифония	көп дауысты фактурада жеке дауыстардың (кең мағынада мелодиялық сызықтардың, әуендердің) функционалдық тең құқылы болуымен ерекшеленетін көп дауысты музыкалық құрылыс
Музицирование	бұл сөз «музыкамен айналысу» дегенді білдіреді. Кең мағынада бұл музыкалық аспапта ойнау, ал камералық мағынада – үй жағдайында музыканы орындау
Артикуляция	музыкалық аспапта ойнау немесе вокалдық партияларды орындау кезінде дыбыстардың ретті тізбегін орындау әдісі
Педагогтардың біліктілігін арттыру	оқыту мен білім берудің сапасын арттыру үшін жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге, сондай-ақ бұрын алынған кәсіби білімдер, дағдылар, іскерліктер мен құзыреттіліктерді қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби білім беру

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	6-БЕТ

	формасы
Тыңдаушы	біліктілікті арттыру курсынан өтіп жатқан тұлға
Курстан кейінгі қолдау	Педагогтың курстан өткеннен кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі

3. «Ішекті аспаптарда орындаушыны оқыту үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану» бағдарламасының тақырыбы

Авторлық бағдарламада болашақта ішекті аспаптарда кәсіби орындаушыларды табысты түрде оқытуға көмектесетін инновациялық тәсілдемелер мен заманауи педагогикалық технологиялар зерттеледі. Бағдарлама дәстүрлі оқыту әдістерін цифрлық технологиялар мен интерактивті оқу формалары секілді инновациялық технологиялармен біріктіру арқылы білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған.

Курстың басты міндеттерінің бірі – музыканттардың бойында берік кәсіби дағдыларды, музыкалық өнерді терең түсінуді қалыптастыру және шығармашылық қызметте жеке тұлғалық ерекшелікті көрсетуге ұмтылдыру. Бағдарламада заманауи музыканың стильдік көптүрлілігін зерттеуге, музыканттардың репертуарын жинақтауға және оқыту үдерісінде пәнаралық өзара байланысты қамтамасыз етуге ерекше назар аударылған.

Тәжірибелік сабақтардың негізгі бағыты – скрипка/альт/виолончельде ойнау техникасын дамыту, соның ішінде қолдың дұрыс қойылуы, дыбыс шығару техникасын жетілдіру және виртуоздық орындаушылық техникасына қол жеткізу. Оқу бағдарламасында оқу үдерісін оңтайландырудың әртүрлі нұсқалары, сондай-ақ моториканы дамытуға және көркемдік шеберлікті жетілдіруге бағытталған жаттығулар мен әдістерді қолдану көрсетілген. Техниканы дамыту орындаушылықтың мәнері мен стилі бағытында жұмыс істеу арқылы жүзеге асырылады.

Жеке репертуарды орындау ішекті аспаптарда орындаушыдан жоғары техникалық шеберлікті және шығармашылық ойды терең түсінуді талап етеді. Біліктілікті арттыру курсы барысында жеке аспапқа арналған шығармалармен жұмыс істеуге ерекше назар аударылады (шығарманы композициялық талдау, интерпретацияны мұқият қарастыру, техникалық дәлдік пен эмоционалды мәнерлілік арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу).

Оқу материалы ретінде Мангейм және Вена мектептері композиторларының шығармашылығынан бастап (ұстаздың ұсынысы мен тыңдаушының таңдауы

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	7-БЕТ

бойынша), еуропалық және қазақстандық классикалық репертуарға кіретін шығармалар қарастырылады. Оқыту барысында қарастырылатын шығармаларды интерпретациялаудың заманауи тәсілдеріне, сол интерпретацияларды жасау мен орындау тарихына, стильдік ерекшеліктеріне мән беріледі.

Заманауи репертуар музыканттан музыкамен жұмыс істеуде және оны түсіндіруде ерекше тәсілдемені талап етеді. Сондықтан XX-XXI ғасырлардың музыкалық мәтіндерімен жұмыс істеу әдістері мен формаларына, жаңашыл партитураларды оқу және мәнерліктің заманауи құралдарын қолдануға ерекше назар аударылады.

Қорыта айтқанда, қарастырылып отырған бағдарлама бойынша білім беру ішекті аспаптарда орындаушылардың оқыту үдерісіне және орындаушылыққа қатысты кешенді тәсілдеме қалыптастыруына, олардың техникалық және көркемдік ойлауын жетілдіруіне, сондай-ақ әртүрлі стильдер мен жанрлар бойынша кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі.

Бағдарламаның негізгі мазмұны 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте

Бағдарламаның құрамдас бөлімдері мен модульдері	Бағдарламаның құрамдас бөлімдері мен модульдерінің сипаттамалары
Диагностикалық тестілеу	Оқытылатын тақырыптар бойынша құзыреттіліктердің бастапқы деңгейін бағалау
1 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптардағы орындаушылықтың және педагогиканың заманауи үрдістері	1.1 Музыканттың педагогикалық қызметінің өзіндік ерекшелігі
	1.2 Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру
	1.3 Шығарма стилінің, формасы мен мазмұнының ерекшеліктері
2 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптарда орындаушылық техникасын дамыту	2.1 Орындаушылық техникасымен жұмыс істеу. Жаттығулармен, гаммалармен, этюдтармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу
	2.2 АООО-да білім алушыларды ЖОО-на түсуге дайындау жұмысы
	2.3 Скрипкадан алытқа өту мәселелері
3 модуль.	3.1 Г.Ф. Телеманн және И.С. Бахтың полифониялық

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	8-БЕТ

Жеке аспапқа арналған шығармалармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері	шығармаларымен жұмыс істеу
	3.2 Шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде
	3.3 XX ғасырдағы жеке аспапта орындауға арналған шығармалармен жұмыс істеу (Э. Изаи, П. Хиндемит, М. Рeger және т.б.)
	3.4. Қазақстанның композиторларының жеке аспапқа арналған шығармалары (Е. Брусиловский, Т. Мыңбаев, Е. Рахмадиев, Қ. Қожамьяров және т.б.)
	3.5 Полифониялық шығармалардың негізгі аппликатуралық дағдыларын дамыту. Әртүрлі стильдерге жататын музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы
4 модуль. Мангейм және Вена классикалық мектептері композиторларының шығармаларын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру	4.1 Классицизм дәуірінің шығармаларын орындаушылық және әдістемелік тұрғыдан талдау
	4.2 XVIII ғасыр композиторларының шығармаларындағы апподжиатураны түсіндіру мәселелері
	4.3 Канденцияларда шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде
	4.4 Классицизм дәуіріндегі музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидаларды түсіну
5 модуль. XX-XXI ғасырлар шығармаларын зерттеу. «Жаңа» музыканы түсіну мәселелері	5.1 XX ғасырдағы нотацияның жаңа формаларымен танысу
	5.2 Кеңейтілген техника және аллеаторика негіздерімен танысу
	5.3 Қазіргі заманғы композиторлық тәсілдер мен қағидаларды теориялық тұрғыда меңгеру
6 модуль. Шығармалардың	6.1 Шығармалардың теориялық аспектілері және оларды салыстырмалы талдау

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	9-БЕТ

редакцияларын зерттеу. Репертуар таңдауға қатысты кейбір мәселелер	6.2 Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтінді түсіндірудің (интерпретацияның) ерекше түрі ретінде
	6.3 Мектеп оқушылары мен концерттік қызмет үшін репертуарды таңдау қағидалары. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылықтары
Қорытынды тестілеу	Бағдарламаның мазмұнын меңгерудің қорытынды деңгейіне бағалау

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру курсы бағдарламасының **мақсаты** – өзінің көркемдік құндылықтар жүйесі бар және жоғары кәсіби деңгейде әртүрлі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құралдарды меңгерген кең спектрлі суретші- музыкантты қалыптастыру.

Міндеттер:

- Өзінің шығармашылық қызметінде көркемдік міндеттерді еркін орындауға негіз болатын қажетті техникалық дағдылар мен қабілеттері бар орындаушыны тәрбиелеу, кәсіби шеберлікті дамыту бағытында жұмыс істеу;
- Тыңдаушының концерттік және оқу-орындаушылық репертуарын кеңейту, музыка тілі мен көркемдік логиканың негіздерін меңгерту, әртүрлі стильдер мен бағыттардың музыкалық көркемдік құралдарының ерекшеліктерін еркін бағдарлау;
- Орындаушылық мәдениеттің маңызды элементтерін меңгерту, әрдайым кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілікті қалыптастыру;
- Клавирлік өнер бойынша арнайы әдістемелік және тарихи әдебиетті зерттеу, ғылыми-зерттеу қызметіне ынталандыру, орындаушы музыканттың қызметіне деген талдамалық тәсілдемені дамыту;
- Пәнді меңгеру үдерісінде алынған теориялық білімдер, орындаушылық дағдылар мен қабілеттер негізінде өзінің жеке көркемдік-орындаушылық тұжырымдамасын қалыптастыру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Курсты бітіргеннен кейін педагогтар:

- концерттік және оқу-әдістемелік репертуардың негіздерін білетін болады;
- орындаушылық шеберлікті дамытудағы ең маңызды әдістер мен тәсілдерді түсінетінін көрсетеді;
- орындаушылық мәселелері бойынша негізгі әдістемелік әдебиетті қолданады;

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	10-БЕТ

- әртүрлі музыкалық стильдер үлгілерін еркін ажырата алады, автордың тұжырымдамасын барынша дәл жеткізеді, өз орындаушылық жоспарын құрады;
- орындаушылық шеберліктің барлық элементтерін меңгереді, өзінің кәсіби өсуі үшін қажетті құралдар мен тәсілдер кешенін еркін қолдана алады;
- аспаптың барлық мүмкіндіктерін меңгергенін көрсетеді;
- зерттелетін материалдың стильдік және орындаушылық ерекшеліктерін жалпылай отырып, талдай алады;
- орындаушылық аппараттың мәселелерін анықтап, оларды шешудің әдістерін нақтылайды.

Оқыту нәтижелерінің педагогтардың жұмыс тәжірибесіне ықпалы

Оқыту нәтижесі бойынша тыңдаушылар келесі кәсіби құзыреттерге ие болады:

- нормативтік құжаттардың талаптарына сүйене отырып, оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдауды дәлелді түрде негіздей білу;
- оқытуды білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу, оларды ынталандыру және құштарлықтарын арттыру;
- әртүрлі пән салаларына тән білімдерді біріктіру және нақты өмірмен байланыстыру арқылы оқушылардың оқу материалын терең және толық түсінуіне мүмкіндіктер қалыптастыру;
- педагогтар арасында озық тәжірибемен, үздік жетістіктермен алмасу үдерісінде әріптестерімен өзара тиімді әрекеттесу.

5. Бағдарлама құрылымы және мазмұны

Оқу үдерісі Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарының талаптары мен оқытушылардың қажеттіліктеріне байланысты, сондай-ақ тыңдаушылар арасында бастапқыда жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша, оқу-тақырыптық жоспардың мазмұнына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Курсқа қатысушы педагогтардың қажеттіліктеріне сәйкес, Бағдарламаны меңгеруге бөлінген оқу уақытының жалпы көлемі сақтала отырып, белгілі бір модульдер шеңберінде Бағдарламаның мазмұны өзгертілуі мүмкін.

1 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптардағы орындаушылықтың және педагогиканың заманауи үрдістері

Бірінші модуль педагогикалық қызметтің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды, оқытушының шеберлік деңгейін арттырады, шығармалардың әртүрлі стильдері, формалары мен мазмұнын түсінуді кеңейтеді, сондай-ақ тыңдаушылардың бойында нормативтік құжаттар негізінде бастапқы білім беру бағдарламасының тұтас көрінісін қалыптастыруға көмектеседі.

2 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптарда орындаушылық техникасын дамыту

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	11-БЕТ

Екінші модуль музыканттың техникалық дамуының маңызды құрамдас бөліктеріне көңіл бөледі, ішекті-ысқылы орындаушылықтағы техникалық жұмыстың барлық түрлері мен формаларын қамтиды. Модуль білім алушылардың оқу орнын өзгертуіне және (кейбір жағдайларда) аспапты ауыстыруына қатысты дайындық мәселелерін қарастырады.

3 модуль. Жеке аспапқа арналған шығармалармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері

Үшінші модуль ішекті-ысқылы аспаптар үшін шығармаларды сүйемелдеусіз орындауды зерттеудің, сондай-ақ оларды орындауындағы бароккодан қазіргі заманға дейінгі стильдік ерекшеліктерді түсінудің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Полифониялық шығармаларда көркемдік бейнемен жұмыс істеуде шығармашылық қиялды дамыту, орындалатын шығарманың дәуіріне сәйкес аппликатура мен штрихтарды таңдау мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан композиторларының ішекті-ысқылы аспаптарда жеке орындау үшін жазған шығармалары алғаш рет зерттеледі.

4 модуль. Мангейм және Вена классикалық мектептері композиторларының шығармаларын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру

Төртінші модуль Мангейм және Вена классикалық мектептері композиторларының (Гайдн, Моцарт, Диттерсдорф, Стамиц және басқалар) шығармаларын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру, олардың стильдік өзіндік ерекшеліктерін талдауға ерекше көңіл бөледі. Бұл модуль апподжиатураны түсіндірудің әртүрлі нұсқаларын табуға көмектеседі, сондай-ақ шығармаларда және /немесе каденцияларды түсіндіруде шығармашылық қиялды қолдануды ұсынады.

5 модуль. XX-XXI ғасырлар шығармаларын зерттеу. «Жаңа» музыканы түсіну мәселелері

Бесінші модуль XX-XXI ғасырлар композиторларының шығармаларын интерпретациялаудың ерекшеліктерін талдауға көмектеседі, олардың алдыңғы дәуір шығармаларымен сабақтастығы мен қарама-қайшылықтарын қарастырады. Модуль жалпы әлемдік үдерістердің композиторлық және орындаушылық өнерге әсері туралы толық түсінік қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ музыкалық шығармалар нотациясының жаңа жүйелерімен таныстырады.

6 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуар таңдауға қатысты кейбір мәселелер

Алтыншы модуль редакторлық үдерістің ерекшеліктерін және музыкалық редакциялар нұсқаларының көп болу себептерін талдауға көмектеседі, сондай-ақ музыкалық шығарманы редакциялаудың негізгі қағидаларын қарастырады. Модуль орындаушылық өнердегі музыкалық редакцияның рөлі туралы теориялық және тәжірибелік түсініктерді қалыптастыруға ықпал етеді, сонымен қатар редактор мен орындаушы-музыканттың қызметі тұрғысынан музыкалық

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	12-БЕТ

шығармалардың мәтіндер жүйесіндегі редакцияның өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

Сонымен, Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары жоғары және орта кәсіптік білім беру негізіндегі білім беру ұйымының бейініне сәйкес, барлық деңгейдегі оқытушылардың біліктілігін арттырудың мақсаттары мен міндеттеріне сай мұқият құрылымдалған деуге болады. Ол оқытушылардың жан-жақты кәсіби дамуын және білім алушылардың білім алудағы нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз етеді.

Оқу үдерісі Бағдарлама жоспарына сәйкес, 3 және 4 кестелерде көрсетілгендей ұйымдастырылады.

Бағдарлама жоспары (80 сағат – офлайн оқыту)

3 кесте

№	Сабақтардың тақырыптары	Күндізгі оқу, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сабақтар	Практикалық сабақтар	Жұмысты қорғау	Тестілеу	
	Диагностикалық тестілеу				1	1
	1 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптардағы орындаушылықтың және педагогиканың заманауи үрдістері	3	1			4
1.1	Музыканттың педагогикалық қызметінің өзіндік ерекшелігі	1	1			2
1.2	Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру	1				1
1.3	Шығарма стилінің, формасы мен мазмұнының ерекшеліктері	1				1
	2 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптарда орындаушылық техникасын дамыту	3	5			8

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	13-БЕТ

2.1	Орындаушылық техникасымен жұмыс істеу. Жаттығулармен, гаммалармен, этюдтармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу	1	1			2
2.2	АООО-да білім алушыларды ЖОО-на түсуге дайындау жұмысы	1	2			3
2.3	Скрипкадан алытқа өту мәселелері	1	2			3
3 модуль. Жеке аспапқа арналған шығармалармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері		10	20			30
3.1	Г.Ф. Телеманн және И.С. Бахтың полифониялық шығармаларымен жұмыс істеу	2	4			6
3.2	Шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде	4	5			9
3.3	XX ғасырдағы жеке аспапта орындауға арналған шығармалармен жұмыс істеу (Э. Изай, П. Хиндемит, М. Регер және т.б.)	1	4			5
3.4	Қазақстанның композиторларының жеке аспапқа арналған шығармалары (Е. Брусиловский, Т. Мыңбаев, Е. Рахмадиев, Қ. Қожамьяров және т.б.)	1	3			4
3.5	Полифониялық шығармалардың негізгі аппликатуралық дағдыларын дамыту. Әртүрлі стильдерге жататын музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы.	2	4			6
4 модуль. Мангейм және Вена классикалық мектептері композиторларының шығармаларын қазіргі заман		9	13			22
БА БАҒДАРЛАМАСЫ			ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС			
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ			14-БЕТ			

тұрғысынан түсіндіру						
4.1	Классицизм дәуірінің шығармаларын орындаушылық және әдістемелік тұрғыдан талдау.	2	3			5
4.2	XVIII ғасыр композиторларының шығармаларындағы апподжиатураны түсіндіру мәселелері	2	3			5
4.3	Канденцияларда шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде	3	4			7
4.4	Классицизм дәуіріндегі музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидаларды түсіну	2	3			5
5 модуль. XX-XXI ғасырлар шығармаларын зерттеу. «Жаңа» музыканы түсіну мәселелері		4	2			6
5.1	XX ғасырдағы нотацияның жаңа формаларымен танысу	2	1			3
5.2	Кеңейтілген техника және аллеаторика негіздерімен танысу	1	1			2
5.3	Қазіргі заманғы композиторлық тәсілдер мен қағидаларды теориялық тұрғыда меңгеру	1				1
6 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуар таңдауға қатысты кейбір мәселелер		3	3			6
6.1	Шығармалардың теориялық аспектілері және оларды салыстырмалы талдау	1	1			2

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	15-БЕТ

6.2	Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтінді түсіндірудің (интерпретацияның) ерекше түрі ретінде	1	2			3
6.3	Мектеп оқушылары мен концерттік қызмет үшін репертуарды таңдау қағидалары. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылықтары	1				1
Қорытынды тестілеу				2	1	3
Барлығы		32	44	2	2	80

Бағдарлама жоспары (80 сағат – онлайн сабақ)

4 кесте

№	Сабақтардың тақырыптары	Онлайн оқу, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сабақтар	Практикалық сабақтар	Жұмысты қорғау	Тестілеу	
Диагностикалық тестілеу					1	1
1 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптардағы орындаушылықтың және педагогиканың заманауи үрдістері		3	1			4
1.1	Музыканттың педагогикалық қызметінің өзіндік ерекшелігі	1	1			2
1.2	Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру	1				1
1.3	Шығарма стилінің, формасы мен мазмұнының ерекшеліктері	1				1
2 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптарда		3	5			8
БА БАҒДАРЛАМАСЫ				ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС		
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ				16-БЕТ		

орындаушылық техникасын дамыту						
2.1	Орындаушылық техникасымен жұмыс істеу. Жаттығулармен, гаммалармен, этюдтармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу	1	1			2
2.2	АООО-да білім алушыларды ЖОО-на түсуге дайындау жұмысы	1	2			3
2.3	Скрипкадан алытқа өту мәселелері	1	2			3
3 модуль. Жеке аспапқа арналған шығармалармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері		10	20			30
3.1	Г.Ф. Телеманн және И.С. Бахтың полифониялық шығармаларымен жұмыс істеу	2	4			6
3.2	Шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде	4	5			9
3.3	XX ғасырдағы жеке аспапта орындауға арналған шығармалармен жұмыс істеу (Э. Изай, П. Хиндемит, М. Регер және т.б.)	1	4			5
3.4	Қазақстанның композиторларының жеке аспапқа арналған шығармалары (Е. Брусиловский, Т. Мыңбаев, Е. Рахмадиев, Қ. Қожамьяров және т.б.)	1	3			4
3.5	Полифониялық шығармалардың негізгі аппликатуралық дағдыларын дамыту. Әртүрлі стильдерге жататын музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы.	2	4			6
4 модуль. Мангейм және Вена классикалық		9	13			22
БА БАҒДАРЛАМАСЫ			ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС			
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ			17-БЕТ			

мектептері композиторларының шығармаларын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру						
4.1	Классицизм дәуірінің шығармаларын орындаушылық және әдістемелік тұрғыдан талдау	2	3			5
4.2	XVIII ғасыр композиторларының шығармаларындағы апподжиатураны түсіндіру мәселелері	2	3			5
4.3	Канденцияларда шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде	3	4			7
4.4	Классицизм дәуіріндегі музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидаларды түсіну	2	3			5
5 модуль. XX-XXI ғасырлар шығармаларын зерттеу. «Жаңа» музыканы түсіну мәселелері		4	2			6
5.1	XX ғасырдағы нотацияның жаңа формаларымен танысу	2	1			3
5.2	Кеңейтілген техника және аллеаторика негіздерімен танысу	1	1			2
5.3	Қазіргі заманғы композиторлық тәсілдер мен қағидаларды теориялық тұрғыда меңгеру	1				1
6 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуар таңдауға қатысты кейбір мәселелер		3	3			6
6.1	Шығармалардың теориялық аспектілері және оларды	1	1			2

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	18-БЕТ

	салыстырмалы талдау					
6.2	Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтінді түсіндірудің (интерпретацияның) ерекше түрі ретінде	1	2			3
6.3	Мектеп оқушылары мен концерттік қызмет үшін репертуарды таңдау қағидалары. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылықтары	1				1
Қорытынды тестілеу				2	1	3
Барлығы		32	44	2	2	80

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында біліктілікті арттыру курсына қатысушылар үшін оқу үдерісін ұйымдастыру барысында дәстүрлі оқыту формалары мен қазіргі заманғы жұмыс әдістерін біріктіретін жүйелі тәсілдеме қолданылады. Консерваторияда музыканттардың білім беру, шығармашылық және зерттеу қызметі үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл тыңдаушылардың өздерінің кәсіби дағдыларын кеңейтуіне, тереңдетуіне, сондай-ақ ішекті-ысқылы орындаушылық және педагогика саласындағы құзыреттіліктерін арттыруына мүмкіндіктер береді.

Оқу үдерісінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі - дәрістер мен семинарлар. Дәрістерді консерваторияның жетекші оқытушылары, сондай-ақ шақырылған сарапшылар оқиды.

Оқу үдерісін ұйымдастыруда практикалық сабақтарға ерекше көңіл бөлінеді, Тыңдаушылар практикалық сабақтар барысында консерваторияның тәжірибелі орындаушылары мен педагогтарының жұмысын бақылап, белгілі бір жағдайларда орындаушы ретінде концерттік бағдарламаға, шеберлік сыныбына қатыса алады.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындауына көмектесу көрнекті орындаушылардың аудио және бейне жазбалары, мұрағаттық материалдар мен оқуға қатысты бейнетаспалар жинақталған консерваторияның медиатекасы арқылы қамтамасыз етіледі. Тыңдаушылар үшін музыкалық шығармалардың әртүрлі интерпретациялары қол жетімді. Олар заманауи оқыту бағдарламалары мен қосымшаларды, атап айтқанда ноталық редакторлар немесе есту қабілеті мен ырғақты қалыптастыруға арналған тренажерлерді пайдаланып, орындаушылық техникасын зерттей алады.

Консерватория кітапханасы оқу үдерісіне енгізілген және тыңдаушылардың

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	19-БЕТ

ноталық әдебиетті, жоғары оқу орны оқытушыларының оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстар базасын пайдалануына мүмкіндік береді. Сондай-ақ әртүрлі дәуірлердегі музыкалық шығармалардың сирек басылымдарымен танысу мүмкіндігін ұсынады.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың бірегей әдісі – тәжірибе алмасу. Ол консерватория оқытушысының тыңдаушыларға жеке кеңес беруі барысында жүзеге асырылады және оқыту мен концерттік бағдарламаларды дайындауға қатысты құнды кеңестер беріледі. Топтық пікірталастар оқу бағыты бойынша консерватория кафедраларының отырыстарында, сондай-ақ дөңгелек үстелдер барысында оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды талқылауға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Консерватория тыңдаушыларды университеттің белсенді музыкалық өміріне қатысу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Ол күн сайын үш концерт залында өтетін классикалық және есептік концерттерге, сонымен қатар шақырылған музыканттардың қатысуымен өткізілетін концерттерге қатысуды қамтиды.

Біліктілікті арттыру курсы аясында білім беру сапасы жоғары музыкалық аспаптармен (Steinway&Sons, Fazioli, Yamaha, Bluthner және басқалар) жабдықталған қазіргі заманғы оқу аудиторияларында жүзеге асырылады. Музыкалық аспаптар қоймасын да пайдалануға болады, тыңдаушылар оқу барысында ондағы аспаптады жалға ала алады.

Сонымен қатар, консерватория ғылыми-педагогикалық конференциялар мен көрмелер ұйымдастырады. Тыңдаушылар қазіргі заманғы ішекті-ысқылы педагогикасының өзекті мәселелері бойынша консерваторияның кез келген оқытушысынан кеңес ала алады, сондай-ақ өзінің таңдауымен профессор-оқытушы құрамының сабақтарына қатыса алады.

Қорыта айтсақ, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында оқу үдерісін ұйымдастыру барысында курсқа қатысушылардың кәсіби өсуі үшін қажетті жағдайлар толық қамтамасыз етіледі, оларға педагогикалық шеберлік пен орындаушылықты дамыту мүмкіндігі ұсынылады.

Біліктілік арттыру курстары төмендегі тәртіппен ұйымдастырылады:

- 1) Бағдарлама жоспарына сәйкес, 80 академиялық сағат көлеміндегі күндізгі оқу;
- 2) Бағдарлама жоспарына сәйкес, 80 академиялық сағат көлеміндегі онлайн оқу;

Білім беру үдерісінің офлайн түрі келесі оқыту және бағалау формаларын қамтиды:

- практикалық;
- тестілеу;
- жұмыстарды қорғау.

Білім беру үдерісінің онлайн түрі келесі оқыту және бағалау формаларын қамтиды:

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	20-БЕТ

- практикалық;
- тестілеу;
- жұмыстарды қорғау.

Білім беру үдерісінің офлайн түрі аудиториялық сабақтарға, шеберлік сыныптарына, ғылыми конференцияларға қатысу, ашық сабақтар, концерттер, вебинарлар, интерактивті дәрістер, топтық талқылаулар, практикалық тапсырмалар, рөлдік ойындар және кейстерді талдау секілді әртүрлі оқыту әдістеріне негізделеді. Білім беру үдерісінде мәселелік оқыту әдістері және зерттеу қызметі маңызды орын алады. Олар тыңдаушылардың бойында сыни тұрғыда ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, мультимедиялық презентациялар мен өзара интерактивті әрекеттесу үшін қолданатын цифрлық платформалар сияқты заманауи білім беру технологияларын пайдалану да көзделеді.

Онлайн түрде оқытудың басты ерекшелігі – оқу үдерісін қолдау және өзара әрекеттесу үшін цифрлық платформалар мен құралдарды қолдану. Ол виртуалды сыныптар, бейнеконференциялар, онлайн-пікірталас форумдарын, интерактивті оқу материалдары мен тесттерді қамтиды. Онлайн оқыту оқу үдерісін әр білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, оқу материалдарының кез келген уақытта және кез келген жерде қол жетімді болуын қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде оқуға деген ынта мен құштарлықты арттыруға ықпал етеді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы – жеке сабақ. Оқыту әдісін таңдау педагогтың шеберлігіне, тыңдаушының тұлғалық ерекшеліктері мен қабілеттеріне, музыкалық даму деңгейіне және өмірлік психологиялық тәжірибесіне байланысты. Біліктілікті арттыру курстарында әртүрлі сабақ формалары қолданылады: практикалық – жеке, топтық – теориялық, аралас формалар. Бағдарлама аясында оқу стратегиясы дайындық деңгейлері әртүрлі төрт-бес педагогтан тұратын шағын топтарда ұйымдастырылады.

Білім беру және оқыту әдістері мен формаларының сипаты икемді, инновациялық және тыңдаушыларға бағытталған білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Онда тыңдаушылар оқыту үдерісіне және шешім қабылдауға белсенді түрде атсалысады.

Оқу материалдарын алдын ала қарастыру, білім беру бағдарламасының жеке блоктарын өз бетімен игеру немесе күндізгі оқу барысында өткен материалды бекіту үшін тыңдаушыларға қосымша материалдар беріледі.

Курс басталған кезде тыңдаушыларға қоғамдастыққа тіркелу ұсынылады, яғни оқытушылар мен педагогтардың тәжірибе алмасуы, сұрақтар қойып, материалдармен бөлісуі, оқу уақытынан тыс кездерде өзара қарым-қатынас жасауы, әрекеттесуі үшін онлайн қоғамдастықтар құрылады.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	21-БЕТ

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Курс бойынша оқу-әдістемелік материалдар бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін көрсетеді. Оған:

- оқу-білім беру бағдарламасы және сабақ кестесі;
- Бағдарлама мазмұнын және маңызды дереккөздер тізімін толықтыратын жинақ немесе құрылымданған материалдар инфотекасын қамтитын тыңдаушының кейсі;
- курсты оқыту барысында қолданылатын тыңдаушының күнделігі;
- бағалау құжаты - тыңдаушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау көрсеткіштері, тесттер, практикалық тапсырмалар және курсты аяқтағаннан кейін бақылау мен қорытынды тексерулер жүргізуге арналған кейстер;
- электронды онлайн құралдар – оған интерактивті база, қосымша материалдармен қамтамасыз ететін қосымшалар мен веб-сайттар, оқу-білім беру құжатын игеру бойынша тапсырмалар, тесттер, форумдар, конференциялар және тыңдаушылардың оқуы және өзіндік жұмысы үшін қажетті басқа да құралдар кіреді.

Оқу модульдерінің негізгі мазмұны мен өзін-өзі бағалау критерийлерін көрсететін нәтижелер 5-кестеде берілген.

5 кесте

Модуль	Оқу материалын игеру бойынша тапсырмаларды қамтитын негізгі мазмұны	Өзін өзі бағалау критерийлерін көрсететін нәтижелер
1 модуль. Ішекті-ысқылы аспаптардағы орындаушылықтың және педагогиканың заманауи үрдістері	1.1.Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшелігі	Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшеліктерін түсінуді тереңдету
	1.2. Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру	Педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру бойынша жұмыс
	1.3 Шығарма стилінің, формасы мазмұнының ерекшеліктері	Шығармашылық белсенділікті қалыптастыру, музыкалық шығармалардың стилдік, жанрлық ерекшеліктері мен эмоциялық мазмұнын түсіне білу
2 модуль.	2.1 Орындаушылық	Орындаушылық техника бойынша

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	22-БЕТ

Ішекті-ысқылы аспаптарда орындаушылық техникасын дамыту	техникамен жұмыс істеу. Жаттығулар, гаммалар мен этюдтермен жұмыс істеу барысында техникалық қиындықтарды жеңу	жұмыс әдістері, білім алушының техникалық және музыкалық деңгейіне сәйкес тиімді жаттығуларды толық жүйелеу
	2.2 АООО-да білім алушыларды ЖОО-на түсуге дайындау жұмысы	ЖОО-на қабылдау талаптарына сәйкес білім алушының ойнауындағы техникалық және көркемдік компоненттерді кәсіби түрде түзете білу
	2.3 Скрипкадан альтқа өту мәселелері	Білім алушының құралды ауыстыруына оң көзқарас қалыптастыру, орындаушының қойылымын түзету
3 модуль. Жеке аспапқа арналған шығармалармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері	3.1 Г.Ф. Телеманн және И.С. Бахтың полифониялық шығармаларымен жұмыс істеу	Полифониялық ойлауды, полифониялық естуді тәрбиелеу. Көп дауысты фактураны аспапта ажырата және қайта орындай алу
	3.2 Шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде	Жарқын музыкалық бейнелер жасауға және аспапта ойнау үдерісі барысында оқушылардың орындаушылық стилін қалыптастыруға бағытталған көркем-бейнелі ойлауды қалыптастыру
	3.3 XX ғасырдағы жеке аспапта орындауға арналған шығармалармен жұмыс істеу (Э. Изай, П. Хиндемит, М. Регер және т.б.)	XX ғасыр композиторларының жеке орындауға арналған шығармаларының музыкалық формасын, эстетикасын және орындаушылық міндеттерін түсіну мәселелері
	3.4. Қазақстанның композиторларының	Қазақ музыкасының өзіндік ерекшеліктерін, оның әлемдік

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	23-БЕТ

	жеке аспапқа арналған шығармалары (Е. Брусиловский, Т. Мыңбаев, Е. Рахмадиев, Қ. Қожамьяров және т.б.)	үрдістермен байланысын түсіну және ұлттық орындаушылық тәсілдерді академиялық аспапқа бейімдеу мәселелері
	3.5 Полифониялық шығармалардың негізгі аппликатуралық дағдыларын дамыту. Әртүрлі стильдерге жататын музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы	Аппликатурлық ойлаудың дербестігін тәжірибе жүзінде дамыту. Әртүрлі дәуірлер мен стильдерге жататын музыкалық шығармалардағы негізгі аппликатуралық қағидаларын түсіну
4 модуль. Мангейм және Вена классикалық мектептері композиторларының шығармаларын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру	4.1 Классицизм дәуірінің шығармаларын орындаушылық және әдістемелік талдау	XVIII ғасыр шығармаларын орындау және әдістемелік талдау мәселелері бойынша әртүрлі кеңестер мен ұсыныстарды қолдану
	4.2 XVIII ғасыр композиторларының шығармаларындағы апподжиатураны түсіндіру мәселелері	Апподжиатураның дәстүрлі, заманауи және түпнұсқаға сәйкес мәнін түсіндіру
	4.3 Каденцияларда шығармашылық қиялды дамыту орындайтын шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс істеу кезеңдердің бірі ретінде	Каденцияның құрылымын, дәуір стиліне сәйкес келуін түсіну, каденцияларды жазу/орындау барысында шығармашылық қиялды қолдану

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	24-БЕТ

	4.4 Классичесизм дәуіріндегі музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидаларды түсіну	Әртүрлі ұлттық орындаушылық мектептердің базалық ұстанымдары
5 модуль. XX-XXI ғасырлар шығармаларын зерттеу. «Жаңа» музыканы түсіну мәселелері	5.1 XX ғасырдағы нотацияның жаңа формаларымен танысу	Заманауи нотация туралы білімнің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кеңеюі
	5.2 Кеңейтілген техника және аллеаторика негіздерімен танысу	Негізгі кеңейтілген орындаушылық техниканы меңгеру
	5.3 Қазіргі заманғы композиторлық тәсілдер мен қағидаларды теориялық тұрғыда меңгеру	Қазіргі композиторлық мектептерді түсіну мәселесіне арналған әдебиетті зерттеу және талдау
6 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуар таңдауға қатысты кейбір мәселелер	6.1 Шығармалардың теориялық аспектілері және оларды салыстырмалы талдау	Негізгі теориялық аспектілерді қарастыру, сондай-ақ музыкалық шығармаларды салыстырмалы талдау
	6.2 Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтінді түсіндірудің (интерпретацияның) ерекше түрі ретінде	Редакторлық түсіндірулердің ерекшеліктерін түсінуді тереңдету. Музыкалық редакциялау кезеңдерінің тарихилығы
	6.3 Мектеп оқушылары мен концерттік қызмет үшін репертуарды	Репертуарды таңдау барысына қатысудың маңыздылығын түсіну. Музыкалық редакциялау мәселелеріне арналған әдебиетті

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	25-БЕТ

	таңдау қағидалары. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылықтары	зерттеу және талдау.
Жобаларды қорғау		Заманауи ішекті-ысқылы педагогиканың негізгі үрдістерінің зерттелген критерийлері мен дағдыларын көрсету

8. Оқыту нәтижелеріне баға беру

Тыңдаушыларды бағалау сабақтар барысында (ағымдық бағалау) және курс аяқталғаннан кейін (қорытынды бағалау), критериалдық әдістер негізінде жүзеге асырылады:

- формативтік бағалау (БА курстарына қатысу, барлық модульдер бойынша теориялық және тәжірибелік жұмыстарды бағалау);
- жиынтық бағалау (тестілеу, жалпы балл).

Барлық модульдерді меңгеру нәтижесі бойынша тыңдаушылар қорытынды тестілеуге қатысады. Бағалауға өздерінің тәжірибелік жұмыстарын ұсынады:

- бір немесе екі музыкалық шығарманы орындаған бейнежазба;
- таңдаған білім беру бағдарламасының тақырыбына жазылған эссе;
- авторлық курс тақырыбы бойынша дайындалған әдістемелік баяндамалар немесе ашық сабақтар.

Тыңдаушылар өтілген авторлық курс бойынша тапсырманы жеке дайындайды. Тапсырмаларды орындау барысында оқытушы тарапынан курсқа қатысушыларға топтық немесе жеке түрде кеңес беріледі. Тапсырмалар кестеге сәйкес өткізіледі, тапсырманы жетілдіру жолдарын көрсету үшін кері байланысу мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды жұмысты бағалау үшін (таңдау бойынша) келесі критерийлер белгіленеді:

- 0 балл - орындалмаған;
- 50-74 балл - жартылай орындалған;
- 74-100 балл - толық орындалған.

Орындаған қорытынды жұмыс үшін максималды балл саны 100 балл, мұндағы:

- 1) «Өте жақсы»: 85-100%;
- 2) «Жақсы»: 75-84%;
- 3) «Қанағаттанарлық»: 50-74%.

Қорытынды баға барлық балдарды есептеу негізінде құралады, оған сабақтарға қатысу, сабақтарда айқын белсенділік таныту және қорытынды

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	26-БЕТ

тестілеудің нәтижелері кіреді. Бағалау критерийлерінің арақатынасы келесідей: 10% – сабаққа қатысу, 40% – белсенділік және 50% – қорытынды тестілеу нәтижесі.

Қорытынды тестілеуге біліктілікті арттыру курсының сабақ кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кем дегенде 80%-на қатысқан және қорытынды тестілеуді тапсырған тыңдаушылар ғана қатыса алады.

Тыңдаушылардың белсенділігі мен тәжірибелік жұмысы күнделікті бағаланады. Әрбір позиция бойынша максималды баға 20 балды құрайды. Осылайша формативтік бағалау бойынша жалпы балл 40 болады.

Жиынтық бағалау балы қорытынды тестілеу нәтижелеріне сәйкес анықталады.

Қорытынды орташа бағасы 50 және одан жоғары балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі.

9. Курстан кейінгі қолдау

Педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдау – біліктілікті арттыру курстары шеңберінде қол жеткізген кәсіби құзыреттіліктерді жетілдіруді жүзеге асыратын іс-шаралардың механизмін қамтитын нақты құрастырылған алгоритм. Ол курстан кейінгі қызметке мониторинг жүргізу және курстан кейінгі кезеңде кеңес беру мен әдістемелік көмек көрсету арқылы іске асырылады. Бұл алгоритмнің нәтижесінде педагогтың біліктілік дағдыларын жете түсіну, теорияны тәжірибеде қолдану, тұлғалық даму және кәсіби жетістіктер орын алады.

Педагогты курстан кейінгі қолдаудың **мақсаты** – курстан кейінгі кезеңде педагогтың кәсіби қызметін тиімді түрде жақсарту, кәсіби құзыреттілікті дамыту бағытында әдістемелік көмек көрсету.

Курстан кейінгі қолдаудың **міндеттері**:

1. Біліктілікті арттырудың курстық және курстан кейінгі кезеңдерінің ұзақтығын қолдау;
2. Педагогқа теориялық білімдерді тәжірибеде қолдануға көмек көрсету;
3. Болашақта кәсіби өсу үшін өзінің білім беру траекторияларын жоспарлау.

Педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдауды **жүзеге асырылу формалары**:

1. Тыңдаушылардың педагогикалық және диагностикалық қызметіне әдістемелік және сараптамалық көмек көрсету;
2. Педагогикалық және зерттеу қызметінің қорытынды жұмыстарын дайындау және іске асыру барысында сараптамалық көмек көрсету;
3. Тәжірибе алмасуға байланысты іс-шараларды (семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, конференциялар және басқа да білім беру іс-шаралары) ұйымдастыруға көмек көрсету.

Курстан кейінгі қолдау бірнеше кезеңнен тұрады:

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	27-БЕТ

Бірінші кезең. Тыңдаушылар жетекшімен бірге курстан кейінгі кезеңде педагогтың кәсіби дамуы үшін қажет құзыреттерді айқындайды, күтілетін нәтижелерді анықтайды.

Екінші кезең. Тыңдаушылар курстан кейінгі тәжірибе барысында өздерінің кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке даму траекториясының жоспарын құрады. Курс жетекшісі тыңдаушылардың өтініштері бойынша туындаған қиындықтарға қатысты жеке кеңес беруді ұйымдастыруды ұсынады.

Үшінші кезең. Курсқа қатысушылар жеке жоспарларында көрсетілген іс-шараларды жүзеге асырады. Жетекші курстан кейінгі кезеңде педагогқа жеке кеңес беруді ұйымдастыру, жоспарланған іс-шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша көмектесу, педагогтың жеке жоспарын орындау нәтижелерін анықтау және сындарлы кері байланыс орнату арқылы қолдау көрсетеді.

Төртінші кезең. Курстан кейінгі қолдау нәтижелері бойынша тыңдаушы мақалалар әзірлеп, жариялайды, біліктілік арттыру курсының тақырыптары аясында әдістемелік баяндамалар мен басқа да жұмыстар дайындайды. Бұл материалдар тәжірибе барысындағы және орындаушылық өнер саласындағы кәсіби құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстармен алмасу үшін қызмет етеді. Бұндай тәсілдеме білім мен дағдыларды тереңдетуге, сондай-ақ осы салада әрдайым кәсіби тұрғыда дамуға ұмтылатын мамандар қауымдастығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Курсты аяқтап, алған білімдері мен дағдыларын табысты түрде іс жүзінде қолданатын педагогтар тәжірибе алмасуға байланысты іс-шараларға қатысуға тартылады, олардың жетістіктері мен кәсіби тәжірибесі көпшілік алдында мойындалады.

Білім алушыларды курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырудың формалары 6-кестеде көрсетілген.

6 кесте

№	Атауы	Аяқталу формасы
1	Біліктілікті арттыру курстарында жоспарланған сабақты өткізу	Ашық сабақ
2	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның кафедра профессорлары мен шақырылған музыканттардың әртүрлі мамандықтар бойынша шеберлік сыныптарын өткізуі	Шеберлік сыныптары
3	Білім беру ұйымдарында/қалада/облыста тәжірибе алмасу мақсатында конференциялар мен семинарлар өткізу	Іс-шараның жоспары мен хаттамасы Іс-шара барысында қабылданған ұсыныстар

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	28-БЕТ

4	Оқытушының жұмыс мәртебесін арттыруға бағытталған тәжірибе алмасу. Ол музыкалық орындаушылық пен білім берудегі оқытушы рөлінің маңыздылығын мойындауға ықпал ететін үздік тәжірибелер мен әдістемелерді бірлесіп талқылауды қамтиды.	Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар
5	Таңдаған тақырып бойынша эссе жазу	Эссе
6	Білім алған педагогтардың тәжірибесіне негізгі үрдістерді енгізу нәтижелері бойынша дөңгелек үстел өткізу (білім алған мерзімнен 1 күнтізбелік жыл өткенен кейін)	Іс-шараның жоспары мен есебі
7	Авторлық курс тақырыбы бойынша әдістемелік баяндама жазу	Баяндама, хабарлама
8	«Ішекті аспаптарда орындаушыны оқыту үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану» курсы бойынша білім алған педагогтардың тәжірибесінде іске асырылған курстың қорытындылары негізінде дөңгелек үстел өткізу (білім алған мерзімнен 1 күнтізбелік жыл өткенен кейін)	Дөңгелек үстелдің жоспары мен хаттамасы

Курстан кейінгі мониторинг

Педагогтардың курстан кейінгі қызметін бақылау, диагностикалау және бағалау курстан кейінгі мониторинг арқылы жүзеге асырылады

Курстан кейінгі мониторингтің **мақсаты** – тыңдаушылардың кәсіби қызметінің нақты жағдайын Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның біліктілікті арттыру бөлімінің курстары бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен салыстыру. Ол оффлайн оқу форматын, сондай-ақ курстан кейінгі қолдау бойынша жүргізілген диагностика мен мониторинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жаңартуға қатысты шешім қабылдауды қамтиды.

Курстан кейінгі мониторингтің **міндеттері**:

1. Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның білім беру бағдарламалары бойынша курстарға қатысқан тыңдаушылардың курстан кейінгі қызметі туралы нақты және сенімді ақпарат беру;

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	29-БЕТ

2. Ақпаратты жинау, жүйелеу және диагностика жасау әдістерін қаарстыру және іске асыру;

3. Құрманғазы атындағы ҚҰК курстарының білім беру бағдарламаларын жақсарту және өзгерістер енгізу.

Курстан кейінгі мониторингтің нысаны - білікті педагогтың кәсіби қызметі.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асыру келесі әрекеттерді қамтиды:

1. ақпарат жинау үшін сауалнамалар дайындау;
2. оқытушылар арасында сауалнамалар жүргізу;
3. курстан кейінгі қолдау үшін пайдаланылатын деректерді жинау;
4. деректерді өңдеу және сақтау;
5. есеп беру.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асырудың формалары: сауалнамалар жүргізу, ақпаратты сұрыптау, деректерді статистикалық өңдеу, ақпаратты зерттеу және диагностика.

Курстан кейінгі мониторинг заманауи инновациялық технологияларды белсенді енгізуді ұйғарады.

Курстан кейінгі мониторинг үшін деректерді жинау және өңдеу Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның курстарына қатысқан педагогтармен курстар басталмай тұрып құрылған WhatsApp топтары арқылы байланыс орнату негізінде жүзеге асырылады.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларына түзетулер енгізу курстан кейінгі мониторингтің негізгі мақсаты болып табылады.

Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның біліктілікті арттыру бөлімі курстардың оқытушылардың педагогикалық құзыреттілігіне әсерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізеді.

Педагогты курстан кейінгі қолдаудың (ККҚ) жеке жоспары мен есебін дайындау бойынша ұсыныстар

Курстардың

тақырыптары: _____

Курстан өту мерзімі: _____

Курс оқытушысының аты- жөні _____

Тыңдаушының аты-жөні _____

ККҚ-дың жеке жоспарын дайындау барысында курстан кейін бір жыл ішінде өткізілетін іс-шаралар өткізілу мерзімімен қоса көрсетіледі.

Жоспарланатын іс-шаралардың мазмұны, мысалы: ашық сабақ (тақырып көрсетіледі), шеберлік сыныбы, дөңгелек үстел, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша семинар өткізу, БА курсының тақырыбы бойынша вебинар өткізу, біліктілікті арттыру курстары бойынша әдістемелік баяндамалар жазу, концерттер, тәжірибе алмасу, өзінің музыкалық шығармаларын жазу, рефлексиялық есеп және т.б.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	30-БЕТ

Курстан кейінгі жұмыс бойынша есеп формасы

Курстардың тақырыбы: _____

Курстан өту мерзімі : _____

Курс оқытушысының аты-жөні _____

Тыңдаушының аты-жөні _____

№	Іс-шара	Өткізу күні	Қысқаша сипаттама	Дәлелдейтін ақпараттар (фото, сілтеме және т.б.)
1				
2				
3				
4				
5				

Қолы _____

Почта: conservatory.pk@mail.ru

**«Ішекті аспаптарда орындаушыны оқыту үдерісінде
заманауи педагогикалық технологияларды қолдану»
Бағдарламасы бойынша білім алушының**

ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ ПАРАҚШАСЫ

Топтың дәріс оқушысы: _____

Оқу кезеңі: _____

Білім	Формативті бағалау	Қорытынды	Қорытын	Сертифика
-------	--------------------	-----------	---------	-----------

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	31-БЕТ

алушы ның аты- жөні	Сабақтарға қатысу	1 модуль (4 сағат)	2 модуль (8 сағат)	3 модуль (30 сағат)	4 модуль (22 сағат)	5 модуль (6 сағат)	6 модуль (6 сағат)	тестілеу	ды орташа баға	ция бойынша ұсыныстар
	10 бал л	6 б.	6 б.	8 б.	8 б.	6 б.	6 б.	50 балл	100 балл	Ұсынылад ы/ұсыныл майды
		40 балл								
1										
2										
3										
4										
5										
6										

10. Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімі
Негізгі әдебиеттер

Автор	Оқу-әдістемелік әдебиеттің атауы	Баспа, басылып шыққан жылы
Ауэр Л.С.	Моя школа игры на скрипке.	Санкт-Петербург. 2006
Ауэр Л.С.	Моя долгая жизнь в музыке	Санкт-Петербург. 2006
Берлянич М.М.	Как учить игре на скрипке в музыкальной школе.	Классика ХХІ Москва. 2006
Григорьев В.Ю.	Методика обучения игре на скрипке.	Классика – ХХІ

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	32-БЕТ

		Москва. 2006
Григорьев В.Ю.	Исполнитель и эстрада	Москва, 2006
Доброхотов Б.	Контрабас. История и методика.	Москва, 1974
Жумабекова Д.	История смычкового (скрипичного) искусства в Казахстане.	Алматы, 1995
Жусупова С.С.	Методика обучения игре на скрипке	Алматы, 2014
Либерман М.Б., Берлянчик М.М.	Культура скрипичного тона	Музыка. Москва. 2011
Понятовский С.П.	История альтового искусства.	М., 2007
Рабей В.О.	Сонаты и партиты И.С. Баха для скрипки соло	Классика – XXI Москва. 2003
Раков Л.В.	История контрабасового искусства	Москва 2004
Сагимбаев Н.Е.	История альтового исполнительства в Казахстане	Алматы, 2015
Сапожников Р.С.	Школа игры на виолончели	Москва 1965
Флеш К.	Искусство скрипичной игры	Классика – XXI Москва. 2006
Шульпяков О.Ф.	Скрипичное исполнительство и педагогика.	Композитор, Санкт-Петербург, 2006
Янкелевич Ю.И.	Педагогическое наследие	Музыка. Москва. 1993

Қосымша әдебиеттер

Берлянчик М.М.	Как учить игре на скрипке в музыкальной школе.	Классика XXI Москва. 2006
Благовещенский И.П.	Из истории скрипичной педагогики.	Минск., 1980
Броун А.В.	Очерки по методике игры на виолончели	М: Государственное музыкальное издательство, 1960
Гинзбург Л.С.	О работе над музыкальным произведением	М.:Музыка, 1981
Раабен Л.С.	Жизнь замечательных скрипачей	М-Л., 1967
Раабен Л.С.	Жизнь замечательных скрипачей и виолончелистов.	М-Л., 1969

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	33-БЕТ